



Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы, қадірлі ғалым-ұстаздар!

Еліміздің жоғары оқу орындары әрдайым қоғамның ғылыми, интеллектуалдық дамуының қайнар көзі болып келеді. Бастауы күрделі кезеңдердің қыртысында жатқан бүгінгі М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті әрқашан ел экономикасына білікті мамандар мен ғылыми жаңалықтар беріп отырды. Қалыптасқан озық дәстүрлеріне берік болған, жаңа жаһандық құндылықтарды сіңіре білген білім ордасына биыл 80 жыл толып отыр.

Осы орайда Сіздерді Оңтүстік өңірдің білімі мен ғылымының қара шаңырағы - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің есімін иеленген білім ордасы бүгінде жаһандық бәсекеге қабілетті мамандар даярлау жолында тынымсыз еңбек етуде. Университет соңғы 5 жыл ішінде көптеген жетістіктерге жетіп, биік белестерді бағындырды.

Өңірдің интеллектуалдық потенциалын шоғырландырған ғылым мен білім ордалары бүгінгі күнгі қарқынды көштің соңында қалмауы керек. Мен әруақытта ел экономикасын ғылым мен инновацияға сүйене отырып дамыту логикасын ұсынып келемін. Ғылым - экономикамыздың қуатты, болашағымыздың жарқын болуына жол ашатын пәрменді қару. Осы бағыттағы Сіздердің жетістіктеріңіз көпшілікке мәлім. Бұл Сіздердің қажырлы қайраттарыңыз бен сарқылмас жігерлеріңіздің арқасында деп бағамдаймын.

Еліміздің барлық аймақтарында дарынды әрі ойы ұшқыр, креативті жас ұрпақ өсіп келеді. Біз жоғары оқу орындары арқылы олардың ішкі әлеуетін толық ашуға жағдай жасауымыз керек. Аймақтық университеттер негізінде біртұтас инновациялық экожүйе құру қажет. Оны нақты сектормен ынтымақтаса отырып жүзеге асыру - Сіздер мен жергілікті қауымдастықтың міндеті.

Атаулы 80 жылдың ішінде оқу ордасы көптеген табыстарға қол жеткізіп, мол мүмкіндіктерге ие болды. Университет алдыңғы қатарлы ғылым, білім ұйымдарымен ынтымақтастық орнатып, әлемдік рейтингтерде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

Өскелең ұрпаққа білім мен ғылымды, тәлім мен тағылымды бойына сіңіру жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін. Мерейтой құтты болсын!

**Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.Тоқаев**